

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақмола облысы Біржан сал ауданы Аңғал батыр ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 14 қарашадағы № 1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 қарашада № 7501 болып тіркелді

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, Аңғал батыр ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Талшықты-оптикалық байланыс желісін жобалау, жүргізу және пайдалану үшін Аңғал батыр ауылы елді мекенінің жерлерінде "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына жалпы алаңы 0,8364 гектар жер учаскелерін алып қоймастан үш (3) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Талшықты-оптикалық байланыс желісін жобалау, жүргізу және пайдалану мақсатында жер учаскесін пайдаланған кезде "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Жақупова